

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

түсірілімге қажетті реквизиттерді қамтамасыз ететін адамдар мен ұйымдар, сондай-ақ өзге де қызмет түрлерін (мысалы, телефон байланысын) атап өтеді. Жоспар кезінде ақырғы титрлардың сәйкестендірілуге беталысы бар, яғни заманауи фильмдерде қара фонда төменнен жоғарыға қарай жүріп отырады. Мәтін ішілік титр көбінесе деректік негіздерге қызмет етеді, яғни фильмдегі әрекеттің жері мен уақытының өзгергенін хабарлайды. Киномәтіннің лингвистикалық құрылымына иконалық және көрсеткіштік белгілер жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдашева А. Аударматану / Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы, Арыс. 1999. – 213 б.
2. Нұрмышева Ш.А. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты – 2010.

УДК 81-26:347.78.034

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ «ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІ

(қазақ және ағылшын тілдері материалдары бойынша)

Әбдраманов Олжас Маратұлы

870-950@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., проф. Сәтенова С.К.

Зерттеу жұмысы қазақ және ағылшын тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы кейінірек қалыптасқан жаңа ұғымдардың бірі болып табылатын *толеранттылық* концептісін талдауға арналған. Бүгінгі таңда толеранттылық мәселесі бірқатар зерттеулерде сөз етілгенімен, зерттеу нысаны ретінде жан-жақты қарастырыла қойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуді қажет ететін, теориялық тұжырымдары қалыптаса қоймаған, тың тақырыптар қатарына жатқызуға болады. Толеранттылықтың әртүрлі парадигмаларын бір арнаға тоғыстыру қиын және *толеранттылық* жөнінде нақты түсініктің қалыптаспауы да мәселені күрделендіре түседі. Сондай-ақ әрбір қоғамға тән ұлттық ерекшеліктердің де өзіндік қосар үлесі бар деп айтуға толық негіз бар. Дегенмен, қазіргі кезде әлемдегі ахуалдың шиеленісуі *толеранттылық* түсінігін, оның мәнін, оған тән ерекшеліктерді саяси, мәдениеттанымдық, когнитивтік және мәдениетаралық қатынас тұрғысынан анықтауды, талдап-таратуды талап етеді. Сондықтан, *толеранттылық* тәрізді тың да күрделі мәселенің әртіптес тілдердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы қолданысының, семантикалық қырларының айқындалуы тақырыптың *өзектілігін* көрсетеді.

Концепт көпқырлы құбылыс, оны зерттеу мен анықтаудың тәсілдері де әртүрлі. «Концепт» терминін анықтаудың логико-философиялық, когнитивті, лингвомәдени тәсілдері бар. Концептті анықтаудың логико-философиялық тәсілінде концепт түсініктің мазмұны, яғни мағына ретінде қарастырылады. Әлемді қабылдаудың «қарапайым» тәсілдері – көру, есту, сезу, иіс, дәм сезу қабілеттері – мағына немесе концептердің, әлем объектілерінің қалыптасуының жалғыз тәсілі. Бұл объектілер әлемнің белгілері (таңбалары) ретінде қарастырыла алады және сол белгілерге (таңбаларға) мағына беріледі. Мұндай мағыналар немесе концептер, өз кезегінде, адамның бар объектілер туралы шынайы немесе жалған ақпараты болып табылады. Мағыналардың немесе концептердің осындай қалыптасу үдерісінде жаңа мағыналар ескі мағыналардың негізінде қалыптасатыны маңызды.

Философ Р.И.Павиленистің айтуынша, концептті, яғни қандай да бір мағынаны ұғу дегеніміз қарастырылып отырған концепттің түсіндірушісі немесе талдаушысы ретінде алынған бар концептерден тұратын жүйе, құрылым жасауды білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, концептті ұғыну, яғни мағынаны түсіну адамның когнитивті өрісінде бар концептердің көмегімен және солардың негізінде жүзеге асады [1, 10].

Ал, В.Д. Попова мен И.А.Стернин концепт адам санасында былай қалыптасады деп санайды:

а) оның тікелей сезімдік тәжірибесі арқылы (әлемді сезім органдары арқылы қабылдау);

ә) адамның заттық әрекеті арқылы;

б) санасында бар концепттермен байланысты ойлау операциялары арқылы

в) тілдік қарым-қатынас арқылы (концепт адамға тілдік формада хабарланып, түсіндіріле алады);

г) тілдік бірліктерді саналы түрде тану арқылы [2, 40].

Концепттің когнитивті табиғаты өзіндік мәні бар құбылыс емес, ол әрқашан күрделі және көпқырлы құрылым болып табылатын концепттің мазмұнының логико-философиялық, лингвомәдени және лингвистикалық жақтарымен диалектикалық өзара әрекеттестікте болады.

Біз зерттеуімізде қазақ және ағылшын бұқаралық ақпарат құралдарындағы толеранттылық концептісін жан- жақты қарастыру арқылы, әр ұлттың аталған сөзді түсінуі мен қабылдауы деңгейін салыстырамыз. Бұқаралық ақпарат құралдары тек ақпаратты жеткізу құралдары ғана емес, сонымен қатар ол беріп отырған ақпаратына қалың көпшілікті, оқырмандарды сендіру мен өзінің белгілі бір мақсатына жетуді көздейді [3, 27].

Бұқаралық ақпарат құралдары – толерантты қатынас деңгейінің маңызды қыры. Өйткені баспасөздің қазіргі кезде әр адамға, халықтың қоршаған ортасына деген көзқарасына, мәдениетінің қалыптасуына елеулі ықпал етеді. Осы мәселеде толеранттылық ахуалын, қоғамдық келісімді насихаттау аса маңызды [4, 3]. Мақаламызда біз отандық және ағылшын газеттерінің материалдары негізінде «толеранттылық» концептісінің көрініс табуына талдау жасадық. Саяси дискурстағы «толеранттылық» концептісінің берілуі қазақ тіліндегі Жас Алаш, Айқын, Егемен Қазақстан және ағылшын тіліндегі The Daily Telegraph, The Observer және The Guardian газеттерінде жарты жылда жарияланған материалдары аясында қарастырды. Әр мемлекетте саясатты, саяси жағдайды, саяси шындықты түсінудің, қабылдаудың өзіндік ұлттық ерекшеліктері болады. Бұл ұлттық ділмен және саяси мәдениеттің қалыптасуының тарихи жағдайларына байланысты. Әртүрлі мемлекеттердегі саяси коммуникацияны салыстыра салғастыра зерттеу «өзімдікі» мен «өзгенікі», жалпы адамзатқа және белгілі бір ұлттық дискурста ғана тән ерекшеліктерді тереңірек тануға мүмкіндік береді. Мұның барлығы ұлттар арасындағы түсінушіліктің, мәдениаралық төзімділіктің орнығуына үлесін қосады.

«Толеранттылық» сөзі соңғы жылдары сөздік қорымызға берік еніп келе жатқан түсінік. Күнделікті біз теледидардан, газет-журналдардан бұл сөзді көптеп кездестіреміз. Осы орайда біз «толеранттылық» лексемасының БАҚ материалдары негізінде зерттеуді жөн көрдік. БАҚ өзара түсінушіліктің болуына септігін тизгіп, шыдамдылыққа шақыруы керек, әсіресе, шиеленіс болған жағдайларда шыдамдылыққа шақыруы керек.

Жиналған материалдарды классификациялап, оларға талдау жасай отырып, қазақ баспасөзіндегі «толеранттылық» концептісінің мынадай мағынада қолданылатынын байқадық: төзімділік, ынтымақтастық, келісімге келу, достық. Осы жерде бұл түсініктердің қазақ БАҚ қолданылуының нақты мысалдарын келтірейік.

«Толеранттылық» концептісі қазақ баспасөзінде көбінесе ынтымақтастық, бірлік ұғымында қолданылады. Мысалы:

Бұл жолғы үлкен жиында іскерліктің, ауызбірліктің, белсенділіктің өнегесін көрсетіп, алдағы уақытта ел аманатын ақтайтындарыңызға сенеміз [3].

Оқу орнының халықаралық байланыстар саласындағы ынтымақтастығы ұлғая түсті [5].

Құзар шыңдар мен биік асулардан, шытырман шатқалдардан ынтымағы жарасқан елдің көші ғана аман өтеді [6].

Бәрі де түсіністіктің, ауызбіршіліктің арқасы [5].

Сондықтан болашақ өндіріс ресейлік және қазақстандық кәсіпкерліктің арасындағы ынтымақтастықтың неғұрлым кең көлемді үлгісі болып табылады, деді ол [6].

Сондай-ақ басым бөлігін ұлттық патриоттық рухы күшті адамдар құрайтын қоғам да іштей топтасқан, ынтымағы жарасқан, жеке мүшелерінің тұрмыстық тауқыметін шешуге қабілетті сипатқа ие болады [5].

«Толеранттылық» концептісі қазақстандық БАҚ-да діни контекстінде, басқа діндерге құрметпен қарау деген мағынада көп қолданылады.

Біз дүниежүзі діндерінің татулығын орнатамыз дейміз [3].

Берекелі бірлігі, тату тірлігі бар елімізде 100-ден астам ұлттар мен 40-тан астам конфессиялар қақтығыссыз өмір сүруде [3].

Конституциямыз – қабылданған күннен бастап, тағдыр тоғыстырған көп ұлтты халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына тұғыр болып келеді [6].

Ондайда ата-анамыз бізді “өмір қиындықсыз болмайды, адам соның бәріне шыдамдылық таныта білуі керек” деп сабырға шақыратын [3].

«Толеранттылық» концептісінің қазақ басылымдарындағы тағы бір қолданысы – ол адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық.

Аяныш сезімі жүрегін тіліп өтті [5].

Ол барлық адамға бірдей қамқорлық жасауға тырысады [6].

Бірде мейірімге шақырып, бірде қателікті түзеп, туралап та жатады [5].

Президент адамгершілік пен рухани құндылықтар туралы көп сөз қозғады бұл жолы [3].

Қазақ халқында ежелден бері үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге ерекше мән беріледі. Бұл біздің халықтың діліне тән қасиет, дәстүр. «Толеранттылық» концептісінің бір қыры – ол құрмет көрсету, сыйластық.

Кез келген дәстүрлі діннің дімтегені - күллі адамзат арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілікті уағыздау [5].

Шаңырақтың шаттығы да осы сыйластықтан бастау алатыны белгілі [3].

Біз ықылым замандардан ата заңына бағына білген, ата заңын құрметтей білген елдің ұрпағымыз [6].

Бірін-бірі қабағынан танитын ана мен бала тату-тәтті сыйластықта осылай өмір сүріп жатты [3].

«Толеранттылық» концептісі қазақ БАҚ-нда қанағат лексемасы түрінде де кездеседі.

Сонымен бірге, ол 2011-2012 жылдарға арналған Бірлескен іс-қимыл жоспарының табысты түрде іске асып жатқанына қанағат білдірді [3].

Дегенмен бұған да қанағат [5].

Барын базар тұтқан мұндай аса парасатты жанды өмірімізде бірінші рет көргенімізге біз де қайранбыз [6].

Ағылшын тілінде де «толеранттылық» концептісі әр қырынан көрсетілген.

"It's not my intention to make enemies, it's my intention to promote tolerance." [7].

One of the prices of democracy is tolerance towards these groups [8].

In every other respect I consider myself a model of tolerance [7].

Obama's America—one that progresses, however falteringly, toward social justice, tolerance, and equality—represents the future that this country deserves [8].

In light of John Terry and Ashley Cole's latest controversies, the opening of St George's Park is an opportunity to herald a new era of humility and tolerance [7].

Бұл мысалдардан «толеранттылық» концептісінің келесідей көріністерін байқаймыз. To promote tolerance, model of tolerance, tolerance towards these groups, new era of humility and tolerance, in favour of tolerance сөз тіркестері толеранттылықты насихаттау, толеранттылық үлгісі, бойсұну мен төзімділік дәуірі, толеранттылықты жақтау деген мағыналарын береді.

Ағылшын тілінде «толеранттылық» ұғымы көп жағдайда басқа ұлт өкілдеріне, басқа дін ұстанушыларға төзімділік таныту, құрметпен, түсіністікпен қарау және бостандық, яғни өз таңдауын жасау, өз пікірінің болу бостандығы деген түсініктерімен байланысты. Мысал келтіріп кетейік.

Instead he launched a series of charities, promoting religious tolerance and understanding, sport and environmental causes, which he funds with money earned through his business advisory service [7].

We respect and appreciate the different, and often sharply divided, theological approaches which lead to different stances on the ethical issues [8].

"He also brought up things that are dear to the heart of people around here: religious tolerance and freedom, and how we're all children of the same God," he said [7].

Europe, similarly, should harness its public sphere as a platform to break out of today's radicalising narrative, as a way to ultimately foster religious tolerance and respect [8].

Nelson Mandela once said: "to be free is not merely to cast off one's chains, but to live in a way that respects and enhances the freedom of others." [8].

Ағылшын тіліндегі баспасөз құралдарында «толеранттылық» концептісінің түсіністік, ортақ келісімге келу деген мағыналары да қамтылған.

The official report of the 548 Games said they created "a great and glorious landmark, not only in the saga of sport, but also in the achievement of youth to rise above the jealousies of the world and lay a cornerstone in that building of tolerance, understanding and friendship within which the world alone can truly prosper [7].

By charity, I mean the effort to try to understand the views and arguments of those we disagree with in the most sympathetic form we can, being critical of their strongest versions, not their weakest ones or straw man caricatures [8].

Ағылшын халқында басқа адамның ұстанымына құрметпен қарау, ерекшеліктерді, адамның жеке бостандығының болуын қабылдау дәстүрі бар және сол дәстүр публицистика тілінде көрініс табады.

"It's about bringing children from very different backgrounds together, and seeing the divides between them broken down [7].

Managing diversity, while trying to maintain respect, tolerance, national unity and focus on the common ground and the higher interest of the country, is not a simple task [8].

You can look at the growing role of those three matters nowadays covered by one government department – culture, media and sport – or at the value of tolerance and political freedom [7].

Осылайша, «толеранттылық» концептісінің қазақ және ағылшын тілдеріндегі баспасөз құралдарында көрініс табуының ерекшеліктерін қарастырып, талдау жасадық. Ағылшын баспасөзінде толеранттылықтың тағы бір түрі туралы айтылатынын атап кету керек. Ол – жыныстық толеранттылық, яғни қазіргі кезде БАҚ-да көп айтылып жүрген бір жынысты адамдардың неке қиюына төзімділікпен қарау. Мысал келтіріп кетейік.

So what is there to complain about in an era when plays including Ravenhill's Mother Clap's Molly House and Alan Bennett's The Habit of Art occupy the stages of London's National Theatre, when musicals such as La Cage aux Folles combine profit with preaching sexual tolerance and when specialised festivals, offering gay plays to primarily gay audiences, continue to thrive?[8].

In the case of Tokyo Disneyworld, the Oriental Land Company is able to lean on the west's increasingly open tolerance towards homosexuality without necessarily affronting traditional Japanese social mores [8].

But, as the Lambeth conference of 598 made clear, there is not and cannot be any place for homophobia in the church, and all are to be welcomed regardless of sexual orientation [8].

Отандық басылымдарда бұл туралы айтылмаған. Қазақ және ағылшын тілдерінде «толеранттылық» концептісін білдіретін өзіндік ерекше лексемалары бар екенін көріп отырмыз. Қазақ тілінде ондай лексема қанағатшылдық болса, ағылшын тілінде ол жыныстық толеранттылық, қабылдау және бостандық. Бостандық, қабылдау мәнінде «толеранттылық» концептісінің қазақ тілінде де жұмсалуды кездеседі, бірақ олардың мағынасы көбінесе басқа лексемалармен қамтылып кетеді. Жұмысымыздың нәтижесін пайыздық көрсеткіш ретінде ұсынамыз.

Диаграмма 1



Диаграмма 2



Келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, «толеранттылық» концептісі қазақ және ағылшын тілді баспасөз құралдарында көбінесе төзімділік, шыдамдылық мағынасында жұмсалады. Қазақ тілінде бұл көрсеткіш 35% құраса, ағылшын тілінде - 46%. Бірақ, қазақ тілінде «толеранттылық» концептісі бірқатар лексемалармен көбірек беріледі. Мысалы, мейірімділік, адамгершілік мәнінде қазақ тіліндегі қолданысының пайыздық көрсеткіші – 11%, ал ағылшын тілінде – 7%. «Толеранттылық» концептісі қазақ тілінде ынтымақтастық, бірлік (20%), құрмет, сыйластық (8%), өзара түсінушілік, келісімге келу (14%), діни төзімділік (9%), қанағатшылдық (3%) лексемалары арқылы беріледі.

Ағылшын тіліндегі жағдай мынадай: түсіністік, келісім табу – 7%, құрмет - 5%, діни төзімділік – 14%, бостандық – 11%, қабылдау – 6%, жыныстық толеранттылық – 4%.

Бұдан шығатын қорытынды, әр халық бірегей. Моральдық этикалық, адамгершіліктің негізгі нормалары ұқсас болса да, әр халықтың дүниені қабылдаудың, әлем бейнесінің, салт дәстүрлері, мәдениеті, өмір сүру салтының өзіндік ерекшеліктері болатыны сөзсіз. Осы

айырмашылықтарды зерттеп, білу халықтардың бір-бірін түсінуіне, бірін-бірі тануына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Слышкин, Г. Г. Лингвокультурные концепты и метаконцепты : дис. . д-ра филол. Наук Г. Г. Слышкин. – Волгоград, 2004. – 323 с.
1. Мацковский М.С. Толерантность как объект социологического исследования // Век толерантности. 601.– Вып. № 3-4. – С. 5-6.
2. www.zhasalash.kz
3. Айталы А. Толеранттылық және демократия // Егемен Қазақстан. – 606. – 31 наурыз (№71-72). – С. 3.
4. www.aikyn.kz
5. www.egemen.kz
6. www.telegraph.co.uk
7. www.guardian.co.uk
8. www.observer.co.uk

УДК 81'255

ЖАРНАМА МӘТІНІНДЕГІ АУДАРМА ҚАТЕЛІКТЕРІ

Баби́кова Айым Раифовна

Babikova.aiym@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушысы Джабашева Б.М.

Жарнама – латын тілінен аударғанда *reclame* – айғайлау деген мағына береді. Шет тілдер сөздігінде тауар туралы ақпарат тұтынушыға мағлұмат беруші деген мағына береді. «Нарық тілі» сөздігінде жарнама былай деп аударылады тауар туралы ақпарат, оған сұранымды өсіру үшін және оған қызығушылықты өсіру үшін, тауарды сату үшін аткарылатын шара.Ф.Котлердің [4], [5] жарнамаға берген түсініктемесі шындыққа жанасады.онда былай делінген : «жарнама – байланыс құралы, БАҚ арқылы таралатын ақпарат». И.А.Голман, Н.С.Добробобенко [4], [5] жарнама комерциялық ойды алға қарай жылжыту үшін және белгілі-бір тапсырыс берушінің қаржысына жасалады.Егер бір жаңалық ашушы газетке келіп өзінің ашқан жаңалығы туралы ақпарат берсе, ол жарнама болдып есептелмейді.Тек қана бір нәрсені сатып алу үшін жүргізілетін үгіт- насихат және сол насихат үшін жіберілген қаржы жарнама болып есептеледі. Мысылы: АҚШ-та 1977 жылы Америкалық фирмалар жарнама үшін 38 млрд доллар ақша шығындады.Ал өздік жарнама үшін 100 млрд доллар шығындады.

Котлердің пікірі бойынша жарнаманың бір өндіріс орынының бет бейнесін қалыптастырушы ол жарнама.

Жарнама қоғамдық өміріміздің көптеген салаларында қолданылатын ерекше құбылыс екені даусыз мәселе. Ол еліміздің тарихынан жақсы белгілі.

Жарнама құрамы қарапайым болғанымен ол көпқырлы, көпмазмұнды, күрделі сала. Оның экономикалық, әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық т.б. толып жатқан астарлары болады. Осы тұрғыдан алғанда кез-келген елдің жарнамасынан ол елдің ұлттық ерекшелігі, әлеуметтік тұрмыстық жағдайы, мәдениеті көрініп тұру керек деп түйіндеуге болады. Яғни қоғамдық құрылыста өмір сүретін кез-келген құбылыспен жарнама саласы байланыста болады. Мысалы, лингвистикалық тұрғыдан алғанда, жарнама-сөз, жарнама сөйлем, жарнама бірнеше сөйлемнен тұратын мәтін немесе шығарма, тіпті бөлек кітап кино ретінде де беріліп отырады. жарнама, ақпарат салаларында азды-көпті мемлекеттік тілдің қолданыла бастауының өзіндік ерекшеліктері бары рас. Жарнаманы адамның қабылдау